

Құжаттарды тапсыру бойынша нұсқаулық

1-ҚАДАМ

1. Online application (қытайлық стипендиялық бағдарламаға үміткерлер міндетті түрде [сайтта](#) онлайн-тіркеуден өтулері тиіс)

Үміткерлер онлайн сауалнаманы толтырған кезде ағылшын немесе қытай тілінде қажетті құжаттардың анық сканерленген нұсқаларын қоса беруі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!!! Әр үміткер 1 бағдарлама (мамандық) және 3 университет таңдай алады;

Қытай Үкіметінің стипендиясына онлайн-өтінім [№1 қосымшаға](#) сәйкес қытай немесе ағылшын тілінде толтырылады.

Өздеріңіздің «Agency Number is 3981» және «Program Category is Type A» мұқият тексеріп шығыңыздар. Қате толтырылған өтінімдер қабылданбайды.

Құжаттар пакеті ағылшын не қытай тілдерінде (1 түпнұсқа, 1 көшірме):

1. Стипендиялық бағдарлама үшін онлайн-өтінім нысаны (өтініш берушінің қолы қойылған және басып шығарылған, толық толтырылған онлайн тіркеуі, 3×4 фотосуреті);
2. Анық сканерленген паспорт көшірмесі (үміткердің деректері көрсетілген бірінші беті ғана), жарамдылық мерзімі 2021 жылғы 1 наурыздан аспауы тиіс;
3. Білімі туралы құжаттар:
 - «Бакалавриат» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге аттестат немесе қосымшасымен бірге негізгі орта білімі туралы анықтама, ағылшын немесе қытай тілдеріне аударылған және нотариалды куәландырылған оқу кезеңінің аяқталу күнін көрсете отырып, білім алушының ағымдағы жылдағы (11 немесе 12 сынып) орташа балы көрсетілген ағымдағы үлгерімі туралы анықтама және табель.
 - «Магистратура» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге бакалавр/маман дипломы, ағылшын немесе қытай тіліне аударылған және нотариалды куәландырылған. Бакалавриаттың соңғы курсындa оқитындaр оқу бөлімі куәландырған оқу кезеңінің аяқталатын күні көрсетілген жоо-дан анықтама және қытай немесе ағылшын тіліне аудармасы бар транскрипт ұсынулары тиіс.
 - «Докторантура» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге магистр дипломы, ағылшын немесе қытай тіліне аударылған және куәландырылған. Магистратураның соңғы курсындa оқитындaр оқу бөлімі куәландырған, оқу кезеңінің аяқталатын күні көрсетілген жоо-дан анықтама және қытай немесе ағылшын тіліне аудармасы бар транскрипт ұсынулары тиіс.
4. Барлық өтініш берушілер ағылшын немесе қытай тілінде оқу жоспарын ұсынулары тиіс (бакалавриатқа үміткерлерден кемінде 200 сөз, тағылымдамаға кемінде 500 сөз, магистратура мен докторантураға кемінде 800 сөз талап етіледі);
5. Магистратураға, докторантураға және ғылыми тағылымдамаға үміткерлер профессорлардың немесе доценттердің атынан қытай не ағылшын тілінде екі ұсыным хатты ұсынулары тиіс;
6. Музыкалық білімге үміткерлер жеке жұмысының CD дискін ұсынулары тиіс. Бейнелеу өнері саласындағы мамандыққа үміткерлер де екі басқа жұмысының 2 нобайын, 2 түрлі-түсті суретті және CD-дискі ұсынулары тиіс;
7. 18 жасқа дейінгі үміткерлер Қытайдағы заңды қамқоршыларының құқықтық құжаттарын ұсынулары тиіс;

8. [№2 қосымшадағы](#) нысанға сәйкес медициналық анықтаманың ксерокөшірмесі (Foreigner Physical Examination Form, түпнұсқасы үміткерде болады). Және де емдеуші дәрігердің қолы қойылмаған, аурухананың ресми мөрі немесе үміткердің фотосуреті жоқ толық емес жазбалар немесе белгілер жарамсыз болып табылады. Анықтама 6 айға ғана жарамды болады.
9. Үміткерлер сотталмағандығы туралы нақты анықтаманы ұсынуы тиіс. Анықтама өтінім берілген сәттен бастап 6 ай бойы жарамды.
10. Бакалавриат бағдарламасы үшін қытай тілінде оқуды таңдаған жағдайда HSK 3 қытай тілін білуге арналған жарамды сертификат беріледі;
11. Қытай тілінде оқуды таңдаған жағдайда магистратура мен докторантура үшін жарамды сертификат – HSK 4;
12. Бар болған жағдайда, өтініш берушілер қытай университетінің шақыруын ұсынулары тиіс.

2-ҚАДАМ

Құжаттар пакеті мемлекеттік не орыс тілдерінде ұсынылады:

Құжаттар топтамасы:

1. 1-қосымшаға сәйкес шетелге шығатын Қазақстан Республикасы азаматының [толтырылған сауалнамасы](#);
2. жеке куәліктің және/немесе ұлттық төлқұжаттың түпнұсқасы (сәйкестендіру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариуспен куәландырылған). Түпнұсқа салыстырылғаннан кейін үміткерге қайтарылады;
3. бар болған жағдайда шет тілін білетінін растайтын сертификат (IELTS, TOEFL және т.б.), түпнұсқа сәйкестендіру үшін беріледі;
4. білімі туралы құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі, түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмесі (түпнұсқасы салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады);

білімі туралы құжаттар:

- «Бакалавриат» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге аттестат немесе қосымшасымен бірге негізгі орта білімі туралы куәлік, білім алушының ағымдағы жылдағы орта арнайы білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 5,0-ден 4,0 орташа балы көрсетілген ағымдағы оқу жылындағы (11 немесе 12 сынып) үлгерімі туралы транскрипті немесе табелімен білім алушының мәртебесі туралы анықтама немесе қосымшасымен бірге арнайы орта білімі туралы диплом (түпнұсқасы салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады);

- «Магистратура» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге кемінде 4,0/4,33-тен 3,0 GPA бакалавр/маман дипломы немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 22 мамырдағы №318 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11258 болып тіркелген) бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесіне сәйкес оның баламасы. Бакалавриаттың соңғы курсында оқитындар ағымдағы жылға үлгерімі туралы транскриптімен білім алушының мәртебесі туралы анықтаманы ұсынуы қажет;

- «Докторантура» бағдарламасы үшін – қосымшасымен бірге 4,0/4,33-тен 3,0 GPA магистр дипломы не №318 бұйрықпен бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесіне сәйкес оның

баламасы немесе ағымдағы жылға үлгерімі туралы транскриптімен білім алушының мәртебесі туралы анықтама.

**** Ағымдағы үлгерімі туралы анықтаманы ұсынатын үміткерлер үшін жоғарыда көрсетілген балдарға ағымдағы үлгерімінің орташа балының сәйкес болуы қажет!** Шетелдік білім беру ұйымдары құжаттарды берген жағдайда, үміткер білімі туралы құжаттың нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады.

5. таңдаған оқу бағыты бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысқаны үшін алған грамоталардың, сертификаттардың, дипломдардың көшірмесі (болған жағдайда);
6. «Докторантура» бағдарламасы бойынша оқу үшін ғылыми жарияланымдардың немесе оқу-әдістемелік/ғылыми әзірлемелердің тізбесі (болған жағдайда);
7. заңды өкілдің (ата-аналар, бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана, патронат тәрбиеші) шетелге оқуға жіберуге жазбаша нотариалдық келісімі (18 жасқа толмаған тұлғалар үшін);
8. жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тиесілілігін растайтын құжаттың түпнұсқасы – баланың ата-анасының жоқ екенін растайтын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады); бала жасынан мүгедек және мүгедек балалар – «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама (түпнұсқасы салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады); көп балалы отбасынан шыққан балалар – төрт және одан көп бірге тұрып жатқан кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің түпнұсқасы немесе асырап алу туралы сот шешімінің көшірмесі, барлық бірге тұрып жатқан кәмелетке толмаған балалардың мекенжай анықтамалары (түпнұсқасы салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады);
9. шетелдік жоғары оқу орындарынан шақыру көшірмесінің **мемлекеттік тілдегі нотариалды куәландырылған аудармалары*** (бар болған жағдайда).
10. құжаттарды үшінші тұлға арқылы ұсынған жағдайда, конкурстық іріктеуге қатысуға құжаттарды тапсыру үшін үміткердің өкілге берген нотариалды куәландырылған сенімхаты болуы қажет.

* «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Осыған байланысты шетелдік ЖОО шақыруының көшірмесін мемлекеттік тілге аудару қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Құжаттар қатаң түрде көрсетілген тәртіппен қағаз папкідің беріледі. Қағаз папканың мұқабасында мыналарды көрсету керек: аты-жөні, үй мекенжайы, байланыс телефоны, электронды мекенжайы, оқу елі, мамандық көрсетілген оқу орны. Құжаттар 3 данада қағаз құжат тігілетін папкада ұсынылады (2 құжат пакеті ағылшын не қытай тілінде және 1 құжат пакеті мемлекеттік немесе орыс тілінде) және олар толық болған кезде ғана қабылданады.

Құжаттарды қолма-қол және электрондық үкімет веб-порталы арқылы (Egov.kz) https://egov.kz/cms/ru/services/higher_education/pass_203_mon. тапсыру мәселелері

бойынша мына телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: +7 (7172) 76-90-84, 76-93-86, 76-93-85, 76-90-82, 76-90-83

Құжаттарды қабылдау кестесі:

9: 00-ден 18: 00-ге дейін, түскі үзіліс 13: 00-ден 14: 00-ге дейін.